Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультеті, «6D050400 – журналистика» мамандығының докторанты Алимжанова Айкерим Болатовнаның «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар» атты философия ғылымдарының PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензент

ПІКІРІ

Интернет – көпполярлы пікірді жинақтайтын, сұрыптайтын, қалыптастыратын, адамдардың ашық ортада қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін бәсеке алаңы. Интернеттің қарқынды дамуынан пайда болған мультимедиалық журналистика жеке сала ретінде алғаш рет ғылыми айналымға енуімен бұл диссертацияны құнды еңбек ретінде бағалауға болады. Ғылыми еңбек жаңа технологиялардың ақпарат таратудағы орнын анықтауға бағытталған. Мультимедиалық журналистиканың заманауи трендтері лонгид пен сторителлинг форматының ерекшеліктері қарастырылған. Иммерсивті технологиялардың қолданыс аясы, бүгінгі БАҚ қызметіндегі орны сараланған.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен Қазақстанның медиа кеңістігі күрделі өзгерістерді бастан кешіруде. Жаңа жағдайда мультимедиалық журналистиканы талдап, ондағы технологиялық дамудың әсерін, қалыптасу эволюциясын және журналистік шығармашылықпен байланысын саралау ғылыми жұмыстың мақсаты ретінде белгіленген. Қазір жаңа журналистика ұғымы қызу талқыға түсуде және оның басты белгісі мультимедиалық сипатта. Осындай ақпараттық ортадағы жаңа құбылыстарды талдап, ерекшелігін зерделеген еңбектің ғылыми өзектілігін баса айту қажет.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі журналистиканың дамуындағы жаңа кезеңді талдауымен ерекшеленеді және бүгінгі күнмен үндестігі айқын танылады, еліміздің ақпараттық саясатымен тығыз ұштасып жатыр. «Ақпараттық Қазақстан – 2020», «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысты. Елбасы Н. Назарбаев «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында: «Цифрландыруға күш салу адами капитал белсенді түрде дамитын – болашақтың білімі мен дағдылары ерте жастан бастап тәрбиеленетін, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар есебінен бизнес жұмысының тиімділігі мен жылдамдығы артатын, ал азаматтардың өз мемлекеттерімен диалогы қарапайым әрі ашық болатын жаңа қоғамды құруға әкеледі. Цифрлық рефолюция біздің көз алдымызда өтуде» деген болатын. Яғни, бұл зерттеу тәуелсіздік, ұлттық идеология мен бірегейлік сияқты ғылыми концепциялар аясында атқарылған зерттеу деп бағалауға болады.

Ізденуші Айкерім Алимжанованың зерттелген тақырыпты терең меңгергендігі, өзі аталған саланың практик маманы екендігі зерттеуден көрініп тұр, теориялық материалдарды ғылыми талдауы өз деңгейінде орындалған. Осы бағытта қазақ және шетел ғалымдарының жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып, қазіргі мультимедиалық журналистиканың табиғатын, журналистік шығармашылықты, медиаортадағы өзгерістерді, тілдік және стильдік қолданыстарды талдайды. Дәстүр және сабақтастық принципіне сай қоғамдық пікірдің дамуын, технологиялық жетістіктердің журналистиканың сапасы мен ауқымына әсер ету процесін талдай отырып, нақты көрсетеді. Медиа кеңістікте заманауи трендке ілесу, технологияның артықшылығын ұтымды қолдана білу, одан туындайтын зәру мәселелерді, мәселен, фейк ақпараттардың таралуы, манипуляцияны тұжырымдау, медиа сауаттылықты қалыптастыру механизмдерін көрсету – ғылыми зерттеудің ұтымды тұстары деп бағалаймыз.

2. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі мен авторлық қолтаңбасы айқын көрінеді. Ақпараттық сала ғаламат өзгеріске ұшырауда, адам айтқысыз жылдамдықпен хабар алу, тарату журналистика тұтастығына да едәуір әсер етті. Зерттеуші осы мәселелерді тереңнен қозғайды, таратады, ғылыми байлам, оңтайлы ұсыныстарын айтады. Біз диссертанттың рухани сана, ұлттық бірегейлік пен тұтастық, ондағы ақпараттың жетекші орны мен маңыздылығына қатысты пікірлеріне, атап айтқанда, журналистика саласының интеллектуалдық, көркемдік күш-қайратын еселеу керек деген тезисіне толық қосыламыз. Осы даралық принципі жинақтаған материалдарды талдауынан көрініп тұр.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының **жаңалық нәтижесі ретінде мына жағдайларды** атап көрсеткім келеді:

Бірінші нәтиже жаңа деп айтуға болады. Тақырып бүгінгі медиа коммуникацияның дамуындағы өзекті мәселелерді қозғаған, мультимедиалық журналистика шығармашылығының табиғатын ашқан, қоғамдық маңызына көңіл аударып, интернет журналистиканың даму эволюциясын жіктеп, хронологиясын жасаған, терминдерді жинақтап, бір арнаға тоғыстырған.

Екінші нәтиже жаңа болып табылады. Қазіргі ақпараттық-танымдық порталдар қолданатын мобильдік қосымшалар мен сервистердің қолдану мүмкіндіктері мен мәселелері талданған. Қазіргі интернет БАҚ қызметіне мониторинг жасау арқылы, геодеректерін анықтаған. Қазақстандық қазақ тілді сайттарды тақырыптық ерекшеліктері мен қызмет көрсету салаларына қарай жіктеген.

Үшінші нәтиже ішінара жаңа болып келеді. Мультимедиалық контент трансформациясы заманауи тұрғыдан сараланған. Ғылыми еңбектерге сүйене

отырып, SEO оңтайландырудың тиімді әдіс-тәсілдерін жіктелген. Ашық және еркін контент түрлерін жіктеп, ғылыми айналымға енгізген.

Төртінші нәтиже жаңа болып табылады. Қазіргі журналистикадағы шығармашылық бағыттардың интернетке бейімделуін лонгрид, сторителлинг форматтары арқылы жүзеге асыруға болатынын зерделеген. Сторителинг – рухани құндылықтарды насихаттаудың құралы, лонгрид – ұзақ мәтіндерді әртүрлі визуалды құралдар арқылы контент жасау құралы ретінде анықталған.

Бесінші нәтиже жаңа болып табылады. Қазіргі қоғамдық медиасауаттылықты анықтау арқылы тұрғындардың жаңа технологияларды қаншалықты меңгергендігі, фейк ақпаратты тұтыну дәрежесі сараланған және шешуші жолдары ұсынылған. Бұрынғы қалыптасқан пікірлер мен зерттеулерге толықтырулар енгізілген.

Алтыншы нәтиже жаңа болып табылады. Жаңа медиадағы 360 градуста түсірілетін иммерсивті технологиялардың бүгінгі медиаға әсері анықталған. Сонымен қатар ашық дерекқорлардың бүгінгі БАҚ саласындағы рөлі мен мультимедиалық өнім жасаудағы орны айқындалған. Үлкен деректер қорын пайдаланудың құзіреттілігі жіктелген.

4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Ізденуші мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялардың ақпаратты тұтынушы мен таратушы арасындағы байланысқа қалай әсер ететіндігі жете талдаған.

Екінші ғылыми нәтиже. Жаңа медиадағы заманауи өзгерістерге қатысты жаңа ұғымдарға ғылыми сипаттама және анықтама беріп, мультимедиалық журналистика терминдер сөздігін жинақтаған.

Үшінші ғылыми нәтиже. Бүгінгі журналистикадағы жаңа формат түрлерін жіктеп, қызметін анықтаған. Мультимедиалық журналистиканың даму жолындағы кедергілер мен өзекті мәселелерін жіті зерттеген. Шешу жолдарын ұсынған.

Төртінші ғылыми нәтиже. Мультимедиалық журналистиканың бүгінгі сипатын нақты мысалдармен дәлелдейді. Сондықтан да алынған нәтижелер негізделген деп тұжырымдауға болады.

5. Академиялық адалдық принципі.

А.Б. Алимжанова зерттеу жұмысында академиялық адалдық принципін ұстанған, 150-ден астам дереккөзді пайдаланған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді сөздеріне сілтеме беріп отырады. Ғылыми зерттеуге қойылатын талаптарға толық жауап береді.

6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Ізденушінің алған нәтижелерінің теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығын аңғаруға болады. Жекелеген тұжырымдары қазіргі журналистикатанудағы, қоғамтанудағы соны жаңалығымен құнды. Ұлттық

журналистика құндылықтары жүйесіндегі мультимедиалық журналистиканың орны мен рөлі тиісінше анықталған. Технологияның жетілуінен туындайтын өзгерістерге баға беріліп, жаңа байламдар мен жан-жақты талдаулар жасалған. Жаңа журналистикадағы медиа, ақпараттық, сандық сауаттылық мәселелері тұжырымдалады. Осы нәтижелерді басқа да ғылыми зерттеулерде, жоғары оқу орындарында маман даярлауда қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертация апробациядан өткен, тұжырымдары 14 ғылыми мақалада жарық көрген, ғылыми баяндамаларда көпшілік талқысына ұсынылған. Соның ішінде, Scopus мәліметтер базасында 1 мақаласы, Томсон Рейтер базасында 1 мақаласы жарияланған. Шетелдік халықаралық конференцияларда 4 мақала (Канада, Монғолия, Польша, Түркия), отандық халықаралық конференцияларда 4 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне енетін басылымдарда 4 мақала жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

- Ғылыми жұмыс нәтижелері бойынша алынған авторлық куәліктерді қосымшаға тіркеген жағдайда, жұмыстың маңыздылығы арта түсер еді.
- Диссертациялық жұмыста пунктуациялық, техникалық қателіктер кездеседі. Олар диссерацияның мазмұнына, ғылыми маңыздылығына, алынған нәтижелерге нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.

Диссертация жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. ҚР Ғылым ,және Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Алимжанова Айкерим Болатовнаның «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар» атты диссертациясы «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика
және қоғамдық медиа кафедрасының
меңгерушісі, филология ғылымдарының
докторы, профессор **Н. Т. Шыңғысова**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«03» 02 2020 ж.